

**№ 238 орта мектеп жанынан құрылған
«Қуаныш» шағын орталығы әдіскерінің
2023 -2024 оқу жылының жылдық ЕСЕБІ**

Тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес 2023– 2024 оқу жылында «Қуаныш» шағын орталығында 6 педагог жұмыс атқарады. Соның ішінде 1 педагог – психолог біліктілігін жоғарылату курсынан өтті.

№ 238 орта мектеп жанынан құрылған «Қуаныш» шағын орталығы қазіргі кезеңде 2 топты қамтиды. Топтар жас ерекшелігіне сай жасақталған, ортаңғы топ /3-4 жас/ ересек топ /4-5 жас/ аралығын қамтиды.

Шағын орталықта 2 топ жұмыс жасайды.

«Балауса» тобы - 12 бала, топ тәрбиешілері – С.Кенжалиева, А.Сәуен

«Балбөбек» тобы 9 бала, топ тәрбиешілері – И.Әбдігаппар,
Ж.Шахмаранова

Қазіргі таңда Ұлттық Білім беру Деректер қорына 21 бала тіркелген. Балалар кезек бойынша балабақшаға аудандық білім бөлімінен алынған жолдамамен қабылданды.

Топ бөлмелері қажетті жиһаздармен, жұмсақ мүкамалдармен, ойыншықтармен қамтамасыз етілген.

2023-2024 оқу жылдары

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың меңгеру деңгейін анықтау мақсатында балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы ,аралық, қорытынды) жүргізілді.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде балаларға жасына сәйкес біліктер мен дағдыларды игерту бойынша бақылау парағы толтырылды.

Мониторингтің нәтижелері негізінде баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау, түзету іс-шараларын жоспарлау мақсатында оқу жылында «Баланың жеке даму картасы» толтырылды.

2023-2024 оқу жылында балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы және қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша көсеткіштердің жақсарғаны байқалады.

Осы оқу жылға арналған педагогикалық процесті ұйымдастырудың басты шарты-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және тәрбиелеу мен білім беруді жан-жақты дамытуға ықпал ете отырып, физикалық дамуын, коммуникативті, танымдық, зияткерлік шығармашылық, эмоционалды-әлеуметтік

дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін, еңбек әрекетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.

Шағын орталыққа балаларды қабылдау 3-5 жас аралығында жүргізіледі.

Барлық балалар жас ерекшелігіне сәйкес топтарда орналастырылған.

Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды сақтау бойынша балалардың жасын ескере отырып, жас топтары қалыптасқан.

Биылғы оқу жылында ұйымдастырылған оқу қызметі мен мерекелік іс – шаралар өткізілді.

1 қыркүйек –Білім күні мерекесіне орай тәрбиеленушілермен тәрбие сағаты өткізілді.

«Алтын күз» мерекесіне 2 қараша күні «Армысың, Алтын күз» атты ертеңгілігі өткізіліп. Балалар ата – аналарымен бірге дәнді дақылдар жасалған бұйымдарын таныстырып өтті.

Соның ішінде 16 – шы желтоқсан Тәуелсіздік күніне арнап «Тұғырын сенің биікте» атты тақырыпта «Балауса» тобы тәрбиеленушілерімен ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді.

Жаңа жылдық іс – шараға балалар карновалдық киіммен келіп, аяз-аталарына өлеңдерін, тақпақтарын, билерін билеп мерекеге арналған сыйлықтарын алды.

Наурыз айында 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арнап тәрбиеленуші қыз балалар арасын «Қыз сыны» байқауы өткізіліп, байқау соңында әр-түрлі номинациямен марапатталды.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған іс – шарада «Балауса» және «Балбөбек» тобы бірігіп «Қош келдің әз – Наурыз» тақырыбында ертеңгілік ұйымдастырылып, ата – аналарды қатысуымен мерекелік іс – шара өткізілді.

9 мамыр – Жеңіс күніне арнап «Жеңіс туы желбіре» атты іс – шара өткізілді. Бұл іс – шарада балаларға қазақ батырлары мен батыр апаларымыз туралы мәлімет берілді.

Мемлекеттік тілде оқытылатын 2 топ жасақталған. Шағын орталық тәрбиеленушілерінің 2023 жылдың қыркүйегі мен 2024 жылдың мамыр айы аралығында баланың шығуы мен баланың шағын орталыққа қабылдануына байланысты тізімде өзгерістер болған жоқ.

Әдіскер:



Г.Ташитова